

Әліпбекова Сандуғаш Нұрлыбекқызының
6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған
«Түркістан облысының еңбекке қабілетті жастағы тұрғындарының
денсаулық жағдайын жетілдіруді ғылыми негіздеу» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына
АННОТАЦИЯ

Зерттеудің өзектілігі. Халқы тығыз қоныстанған Түркістан облысының тұрғындары, басым бөлігінде ауылды жерлерде орналаса отырып, халық арасындағы денсаулық көрсеткішінің жалпы деңгейі мен даму динамикасы бойынша жүйелендіруді талап етеді. Жергілікті халықтың денсаулығына кері әсер ететін қатерлі себептердің жылдан-жылға артуы, тек, денсаулық сақтау қорларының жеткіліксіздігіне байланысты туындап отырған жоқ, әсіресе, бұл жағдай ауылдық жердегі тұрғындардың сирек қоныстануына байланысты медициналық мекемелер мен мамандармен қамтамасыз етуді толымсыздығы, жасы ұлғайған адамдар санының артуы, ауылдағы еңбек ету жағдайының ерекшелігі, тұрмыстық қажеттіліктермен қамтамасыз ету сапасының төмендігінен де болып отыр.

Зерттеудің мақсаты. Түркістан облысының еңбекке қабілетті жастағы тұрғындарының денсаулығын нығайту және аурушандық көрсеткіштерінің деңгейін төмендетуге бағытталған медициналық-профилактикалық іс-шараларының ұйымдастырылуын жетілдіру.

Зерттеудің міндеттері:

1. Түркістан облысы және оның аудандары бойынша еңбекке қабілетті жастағы тұрғындарының денсаулық жағдайы мен аурушандық көрсеткіштерінің динамикасын кешенді бағалау.
2. Әкімшілік аудандардағы денсаулық көрсеткіштерінің қалыптасуына әсер ететін қатерлі себептерді анықтап, олардың ерекшеліктеріне байланысты топтастыру.
3. Денсаулық сақтау негізгі қорларымен қамтамасыз етуді бағалай отырып, аумақтық аурушандық көрсеткіштерінің құрылымдық деңгейлерін анықтау және әлеуметтік-гигиеналық шаралар моделін құрастыру.
4. Интегралды бағалауды қолдана отырып, әкімшілік аудандар бойынша тұрғындардың денсаулық топтарын құрастыру және сауықтыру шараларын ғылыми негіздеу.

Зерттеу нысандары: Сауалнама және аурушандық туралы статистикалық карталар, денсаулық көрсеткіштері, аурушандық көрсеткіштері.

Зерттеу әдістері:

Денсаулық көрсеткіштері мен аурушандық жағдайларын интегралды көрсеткішпен бағалау әдісі қолданылды. Интегралды бағалау облыстың барлық топтастырылған аудандары бойынша жүргізілді. Интегралдық бағалауды қорытындылау нәтижесінде Түркістан облысының әкімшілік аймақтары бойынша қатерлілік деңгейлері анықталды. Қатерлілік белсенділігі төмен аудандардан (қалалар) аса жоғарыға дейінгі аудандар топтары жіктелді.

Қысқа мерзімді болжау әдісі. Қысқа мерзімді болжамды Microsoft Excel арқылы графикалық түрде жүзеге асыруға болады. Болжам жуықтайтын (аппроксимациялау) сызықты – тренд сызығын қолдана отырып, ең кіші квадраттар әдісіне негізделген. Тренд сызығын таңдағанда, Microsoft Excel жуықтаудың сенімділігін сипаттайтын R2 көрсеткішінің мәнін автоматты түрде есептейді: R2 мәні неғұрлым бірге жақындаған сайын, соғұрлым тренд сызығы зерттелетін құбылысты аппроксимациялайды (жуықтатады).

Аурушандық және оның қатерлі себептері арасындағы корреляциялық байланыс тығыздығы анықталды. Тұрғындар саны-80593 (облыс тұрғындарының 4%-ы). Іріктелген статистикалық карта саны – 7285.

Негізгі қорлармен қамтамасыз ету және қызмет көрсеткіштерінің өзгеру әсерін болжау үшін өңір халқының денсаулық жағдайына регрессия теңдеуіне негізделген үлгілер әзірленді. Барлық талдаулар SPSS v.17 (SPSS Inc., Чикаго, Иллинойс) бағдарламалық жасақтары арқылы орындалды. Зерттеу Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің этикалық комитетімен мақұлданған.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

- Түркістан облысы еңбекке қабілетті жастағы тұрғындарының денсаулық көрсеткіштерінің қалыптасқан динамикасына ретроспективті түрде бағалау жүргізілді.
- Тұрғындардың денсаулық көрсеткіштері мен оған әсер ететін қауіп себептері арасындағы байланыс анықталды.
- Аймақтың денсаулық көрсеткіштерінің шынайы деңгейлерінің жиынтығы бойынша Түркістан облысы аудандарының әлеуметтік-медициналық топтары түзіліп, денсаулық көрсеткіштерінің деңгейі мен құрылымына сәйкес профилактикалық бағдарламалардың моделі құрастырылды.
- Анықталған деректі көрсеткіштердің қалыптасу заңдылықтарына сай әкімшілік аудандарда жүзеге асырылатын нақты медициналық-экономикалық, әлеуметтік-гигиеналық және экологиялық-гигиеналық шаралардың жүйесі жасалды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1. Түркістан облысы тұрғындарының денсаулық көрсеткіштерінің даму деңгейі мен құрылымы олардың туындауының қатерлі себептерінің таралу заңдылықтарына тәуелді;
2. Тұрғындардың денсаулық көрсеткіштері мен аурушандығы әкімшілік аудандардың әлеуметтік-медициналық және экологиялық-гигиеналық ерекшеліктері бойынша топтастыруға негіз бола отырып, профилактикалық іс-шаралар тиімділігін арттырады;
3. Әкімшілік аудандардың профилактикалық бағдарламасының үлгісі мен оның нәтижелігі зерттеудегі қауіп факторларын тежеудегі денсаулық сақтау жүйесінің әлеуметтік-материалдық қорларымен қамтамасыз ету мүмкіндіктерімен негізделеді.

Тәжірибелік маңыздылығы.

Жұмыстың ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы Түркістан облысының еңбекке қабілетті жастағы тұрғындарының аурушандық және өлім-жітім

көрсеткіштері туралы объективті ақпарат беретін зерттеудің нәтижелерімен анықталады. Тұрғындардың денсаулық жағдайын зерттеу және бағалау, тұрғындардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған шаралар жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді. Амбулаторлық-емханалық қызметтерді талдау нәтижелері, алынған мәліметтерді медициналық ұйымдарды басқаруда стратегиялық, тактикалық, оперативті шешім қабылдауда қолданады. Тұрғындар денсаулығын жақсарту және медициналық ұйымдар қызметін жетілдіруге арналған шаралар облыстағы денсаулық сақтау жүйесінде қолданады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері мен қорытындылары

1. 2014-2021 жылдар аралығында туылу көрсеткішінің 30,12-ден 25,52 -ге (1000 тұрғынға шаққанда) төмендеуінен табиғи өсу көрсеткіші 25,52-ден 23,12-ге кемуі орын алған. Алғашқы аурушандық көрсеткішінің деңгейі 2021ж. – 482,6‰ құраған. Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындардың алғашқы аурушандығының жоғарылауында жүрек-қан айналу жүйесі аурулары, тыныс алу жүйесінің патологиялары және қатерлі ісіктердің кеңінен таралу көрсеткіштері жоғары. Түркістан облысы бойынша халықтың жалпы аурушандық көрсеткіші 2019 жылы 1000 адамға шаққанда – 948,1 құраған. Берілген көрсеткіш 2016 жылмен (976,2‰) салыстырғанда едәуір төмен. Жалпы аурушандық құрамын жіктейтін болсақ, тыныс алу мүшелерінің патологиясы –17,5%, ал қан айналу жүйесінің аурулары 14% шамасын құрай отырып, осы екі аурушандық түрі жалпы аурушандықтың негізгі құрамдас компоненттері болып табылады. Әрине, бұл ретте асқорыту жүйесі ауруларының көрсеткіштеріне келсек, кейінгі жылдары (5 жыл көлемінде) – 9,2%-ға жетіп, өсу қарқынын байқатып отыр. Аурушандық түрлерінің рангілі орындарға таралуында, 4 орын – жүйке жүйесінің ауруларына тиесілі (6,7%), 5 орын – көз және оның қосалқы патологияларына 6%, жұқпалы және паразитарлық аурулар (5,8%) – 6 орынды, жарақаттар мен уланулар (5,7%) 7 орынды иеленген. Сонымен қатар тірек-қимыл жүйесі ауруларының үлесі де елеулі (5,5% дейін жетеді). Ал жалпы аурушандықтың құрамының 5,3% -ға дейінгі шамасы –тері және тері асты шел қабатының ауруларына тиесілі.

2. Түркістан облысы әкімшілік аудандарын дәлелді медицинаның қағидаларына сай топтастыру жүргізілді. Жалпы аурушандық көрсеткішінің денсаулыққа қатерлілігі төмен аудандардағы деңгейі 796,2-ден 874,5‰ дейін, қатерлілігі орташа аудандарда – 874,6-1053,2‰, қатерлілігі жоғары аудандарда – 1053-1178,4‰ аралығында болса, қатерлілігі аса жоғары аудандарда – 1208,4-1315,9‰ деңгейінде қалыптасқан.

Халық денсаулығына әсері төмен қауіпті саналатын аумақты құрайтын аудандарда жалпы аурушандық көрсеткіші–796,2‰ тең. Бұл аурушандықтың құрамында: тыныс алу жүйелерінің аурулары (24,7%), қан айналу жүйесінің патологиялары (14,6%), жарақаттар мен уланулар (10,2%), тірек-қимыл жүйесі мен дәнекер тінінің аурулары (8,6%), асқорыту мүшелерінің аурулары (7%), зәр шығару және жыныс жүйесінің аурулары (5,6%) құрайды. Бұл аумақтарда тұрғындардың денсаулығына өмір сүру салты мен медициналық көмек сапасы әсер етеді.

Қауіптілігі орта дәрежедегі аудандарда кейбір жұқпалы және паразитарлық аурулардың деңгейінің жоғарылығымен, қан мен қан жасау аурулары және эндокриндік жүйе, тамақтанудың бұзылуы мен зат алмасу ауруларының жоғарылауымен, психикалық бұзылыстармен, мінез-құлықтың өзгерістерімен, жүйке жүйесі ауруларының жоғарғы дәрежеде қалыптасуымен, қан мен қан айналу жүйесі ауруларының деңгейінің артуымен, асқорыту мүшелерінің ауруларының көбеюімен, тері мен теріасты шелінің, сүйек - бұлшық ет жүйесі ауруларының жоғарылауымен тікелей байланысты. Сонымен қатар тұрғындар денсаулығына ауыл шаруашылығында қолданылатын минералды заттардың, судың, топырақтың құрамында гигиеналық қалыпты шамадан жоғары болуымен тікелей байланысты.

Денсаулыққа қауіптілігі жоғары аймақта тұратын тұрғындардың арасында жеке инфекциялық және паразитарлық аурулардың, қан мен қан жасау жүйелерінің ауруларының, эндокриндік жүйе, тамақтанудың бұзылуы, зат алмасудың нашарлауы, психикалық бұзылыстармен мінез құлық өзгерістері, жүйке жүйесінің аурулары, қан айналу жүйесінің патологиялары, асқорыту жүйелерінің аурулары, тері мен теріасты шелінің аурулары, сүйек бұлшық ет жүйесімен дәнекер тінінің аурулары, зәр шығару-жыныс жүйесінің аурулары жоғары деңгейде қалыптасқан. Бұл аумақтарда ауыз суы мен топырақтың пестицидтермен ластануы қалыпты гигиеналық шамадан айтарлықтай жоғары.

Қауіптілігі аса жоғары аймақта тұратын тұрғындардың арасында қатерлі ісіктер қан мен қан жасау жүйелерінің аурулары, эндокриндік жүйенің аурулары, психикалық бұзылыстар, жүйке жүйесінің аурулары, қан айналу жүйесінің патологиялары, тыныс алу жүйелері мен ас қорыту жүйелерінің аурулары өте жоғары болып қалыптасқан. Бұл аймақтағы тұрғындардың арасында уран өндірісінен бөлінетін зиянды химиялық заттар қалыпты гигиеналық шамадан нақты жоғары.

3. Диссертациялық жұмыстың нәтижесі бойынша Түркістан облысының аудандарында жүргізілген алдын алу шараларының моделі жасалды. Модельді құру барысында Түркістан облысы аудандарының тұрғындарында қалыптасқан аурушандықтың көрсеткіштері алынды. Және аурушандық көрсеткіштеріне тікелей әсер ететін қатерлі себептер анықталды. Аталған көрсеткіштердің негізінде аудандар медициналық және гигиеналық тұрғыдан топтастырылды. Жұмыс нәтижесінде аудандар төмен, орташа, жоғарғы дәрежедегі, аса жоғарғы дәрежедегі аудандар болып жіктелді. Модельге сай тәжірибелік ұсыныстарды емханалардың жұмысына енгізу әлеуметтік мәні бар аурулардың алдын алуға, ерте диагностикалауға, жалпы аурушандық көрсеткіштерін төмендетуге мүмкіндік береді.

4. Интегралдық көрсеткіштер негізінде халықтың денсаулық жағдайы, денсаулық сақтау жүйесінің қызметі мен негізгі қорлармен қамтамасыз етілуі қолайлы және қолайсыз аудандарды бөлу үшін негіз болып табылатын Түркістан облысының аумақтық бірліктерін жіктеу жүргізілді. Жағдайдың қолайлылығы тұрғысынан аудандардың 5 тобы бөлінді: 1)Өте қолайлы жағдай; 2)қолайлы жағдай; 3)орташа жағдай; 4)қолайсыз жағдай; 5)өте қолайсыз

жағдай. Халықтың денсаулық көрсеткіштері бойынша қолайлы жағдай облыстың үш ауданында – Түлкібас, Төлеби және Ордабасы; қолайсыз жағдай – Сайрам, Созақ және Бәйдібек аудандарында; жеті ауданда халықтың денсаулық жағдайы орташа облыстық деңгейге жақын тіркелген. Денсаулық сақтау мекемелерінің қызмет деңгейі бойынша облыстың екі ауданында – Бәйдібек және Отырар қолайсыз, ал Мақтаарал, Сарыағаш, Шардара, Түркістан, Ордабасы, Кентау қалалары мен аудандарында қолайлы жағдай байқалады.

Докторанттың жеке үлесі

Диссертацияның барлық бөлімдері зерттеудің мақсаты, зерттеудің міндеттері, материалдарды жинау және өңдеу, жұмыстың негізгі қағидалары, қорытындылар мен тәжірибелік ұсыныстарды автор өз бетінше тұжырымдаған және жазған.

Жұмыстың апробациясы.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері келесі ғылыми-конференцияларда баяндалды:

1. «Global Science және Innovation 2020: Орталық Азия» X Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы Қазақстан, Нұрсұлтан, 2020 жыл 17 желтоқсан.
2. 11th international conference. Science and society – Methods and problems of practical application. Held in Hamilton, Canada. 15th March 2021.
3. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына арналған «Медициналық ЖОО Фундаменталды пәндерді оқытуды жетілдіруін дамыту бағыты ретінде халықаралық интеграция» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция 09 сәуір 2021 жыл. Семей қаласы

Диссертация тақырыбы бойынша басылымдар. Тақырып бойынша 11 мақала жарыққа шықты. Оның ішінде Комитет ұсынған басылымдарда – 5 мақала, Томсон Рейтер, Scopus базасындағы шетел басылымдарында – 1 мақала, ҚР басылымдарында – 2 мақала, Халықаралық конференция материалдарында – 3 мақала шықты.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі.

Диссертациялық жұмыс мазмұны, анықтамалар, шартты белгілер мен қысқартулар, кіріспе, әдебиеттерге шолу, зерттеу әдістері мен материалдары, зерттеу нәтижелері мен талқылаулар, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімінің жалпы саны – 121, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері мен диссертацияларына сілтеме жасалынған.